

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

Қыздармен жұмыс

Бекітемін»
Мектеп директоры
Ж.Байжанов



№39 «Қызылөзек» орта мектебінің қыз баламен жүргізілетін
жұмыстардың іс-шаралар жоспары .
2022-2023 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Түрі	Мерзімі	Жауабы
1.	Мектепшілік қыз балалар комитетінің құрамын құру. Қыз балаларды қоғамдық жұмыстарға тарту. Тазалық сақтау ережелері	Жиналыс Үйірме	Қыркүйек	Г.Қайырбекова Ж.Сапаржанова Ж.Қаракөзіева Сынып жетекшілер
2.	«Қыздарға әсемдік жарасады» Мектеп аруы – 2022 9-11 сыныптар	Сайыс	11 Қазан	Г.Кайырбекова
3.	«Қызым үйде, қылығы түзде» 8-10 сынып	Баяндама	Қараша	Г. Кайырбекова
4.	«Ерте жүктіліктің алдын алу» 8-11 сынып	Баяндама	Желтоқсан	Ж.Қаракөзіева А.Абилова А.Қуаныш
5.	«Ажары сұлу, ғажап тым Қыздары қандай қазақтың» 9 сыныптар	Дөңгелек стол	Қаңтар	Г.Жетпісбаева Д.Әбішова
6.	«Иманды қыз, аяулы ана» 5-7 сыныптар	Тәрбие сағаты	Ақпан	Л.Тұяқбаева
7.	«Қыз сыны» 8-9 сыныптар	Сайыс	Наурыз	Г.Кайырбекова А.Қуаныш
8.	«Қыз қылығымен» 5 сынып	Тәрбие сағаты	Сәуір	Б.Ержанова
9.	«Сымбатты болғың келеме бойжеткен?» 10-11 сыныптар	Кездесу	Мамыр	С.Жетпісбаева Ж.Омарова

Орындаған:  Г.Қайырбекова

2022-2023 оқужылы

«Инабат» қыздар ұйымының мүшелері:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Сыныптағы қыздар саны
1.	Бекболатқызы Еңлік	5 А сынып	11
2.	Икмат Інжу	5 Б сынып	11
3.	Ғаниқыз Балжан	6 А сынып	9
4.	Мирамбекқызы Қасиет	6 Б сынып	8
5.	Муса Айсұлу	7 А сынып	14
6.	Мұратбек Айзере	7 Б сынып	9
7.	Берікболова Жанерке	8 А сынып	8
8.	Кеңес Нұрай	8 Б сынып	8
9.	Айтмағанбет Айзере	9 А сынып	12
10.	Бағланқызы Айғаным	9 Б сынып	9
11.	Рысбай Айғаным	10 А сынып	5
12.	Әбдіхайыр Жаннұр	10 Б сынып	8
13.	Асқар Нұрай	11 а сынып	7
14.	Бахыт Ақжан	11 б сынып	13

«Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі:



Кайырбекова Гульнур

«Инабат» қыздар ұйымының бағдарламасы

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу алға қойылған жөн.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тізуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
 - Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
 - Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
 - Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
 - Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.
- Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

«Инабат» қыздар ұйымының бағдарламасы

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу алға қойылған жөн.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- *Мектептегі жаймашуақ орта;*
- *Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;*
- *Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;*
- *Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;*
- *Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.*

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

«Инабат» қыздар клубының бағдарламасы

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу алға қойылған жөн.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- *Мектептегі жасаймашуақ орта;*
- *Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;*
- *Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;*
- *Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;*
- *Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.*

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

№39 «Қызылөзек» ортамектебі

Тазалық сақтау ережелері

Тазалық сақтау ережелері (Баяндама)

ӘР АДАМНЫҢ тазалық туралы түсінігі әр түрлі. Мысалы, анасы кішкентай баласын беті-қолын жуып келуге жұмсаса, бәлкім, ол қолымды судың астында біраз ұстасам, ернімді кішкене сулап қойсам болғаны деп ойлар. Алайда анасы олай ойламайды. Ол баласын қайтадан жуынатын бөлмеге апарады да, оның қатты қарсыласқанына қарамастан, беті-қолын жақсылып сабындап жуады.

Әрине тазалық ережелері дүние жүзі бойынша бірдей емес, әрі адамдар тазалыққа қатысты әр түрлі тәрбие алады. Бұрын көп елдерде мектептегі тазалық пен жинақылық балалардың бойында тазалыққа қатысты жақсы әдеттер дамытуларына көмектесетін. Қазір болса, мектептердің айналасы ыбырсып жататыны соншалық, ойнайтын не дене шынықтыратын жерден гөрі, қоқыс тастайтын орынға көбірек ұқсайды. Дәріс беретін бөлмелер ше, олар жөнінде не деуге болады? Даррен, Австралиядағы бір орта мектептің сыпырушысы, былай деп ескерді: “Қазір дәріс бөлмелері де лас”. Кейбір оқушылар “мынаны жинастыра салшы” немесе “ананы тазарта салшы” деген өтініштерді жазалау деп түсінеді. Бұлай болуының себебі — кейбір мұғалімдер расында да дәріс бөлмелерін жинастыруды жаза ретінде қолданады.

Оның үстіне, ересектер күнделікті өмірде не жұмыс орнында тазалыққа қатысты ұдайы жақсы үлгі көрсете бермейді. Мысалы, көптеген көпшілік орындарында адамдар тазалық сақтамайды, қайта, өздерінен кейін көп қоқыс тастап кетеді. Кейбір өндіріс мекемелері қоршаған ортаны ластайды. Алайда өндіріс орындары мен кәсіпорындар қоршаған ортаны өздігінен ластап жатқан жоқ, олардың артында адамдар тұр. Қоршаған ортаның ластануы адамдардың ашкөздігінен ғана дүниежүзілік проблемаға айналып отырған жоқ, ең алдымен бұл олардың тазалық сақтауға үйренбегендігінің нәтижесі. Австралия Одағының бұрынғы директорының айтқаны осыны растайды: “Денсаулық сақтау ұйымының проблемаларының бәрі бір нәрсеге, яғни әрбір адамның — ер кісілер мен әйелдердің, балалардың — қаншалықты тазалық сақтайтындығына келіп тіреледі”.

Сөйтсе де кейбіреулер тазалық сақтау әр адамның жеке басының ісі, онда ешкімнің жұмысы болмауы керек деп ойлайды. Алайда бұл шын мәнінде солай ма?

Қайда тамақтанар болсақ та, мейлі, дүкеннен сатып алайық, мейрамханада не жора-жолдастарымыздың үйінде болсын, тағамға қатысты мәселеде тазалықтың маңызы өте зор. Өзіміз ішіп-жеп жүрген тағамды даярлайтын адамдарға жоғары тазалық ережелерін қолданады деген үміт артылады. Көпшілікке тағам даярлайтын аспаздардың не өзіміздің қолымыздың кір болғаны көптеген ауруларға себеп болады. Ауруханалар, яғни өзге жерлерге қарағанда ең таза болуы керек жерлер, жөнінде не деуге болады? Бір медициналық журналда емделушілердің арасында жұқпалы аурулардың таралуының көбейіп кетуін дәрігерлер мен медбикелердің қолдарын жумайтындығымен түсіндіруге болатындығы айтылған. Ал мұндай ауруларды емдеу үшін жыл сайын ондаған миллиард АҚШ доллары жұмсалады (*The New England Journal of Medicine*). Әрине біз біреудің салақтығының кесірінен денсаулығымызға қауіп төнгенін қаламаймыз.

Сонымен қатар әлдекімнің әдейі немесе аңдамай су көзін ластағандығы да үлкен проблемаларға әкеліп соғады. Ал нашакорлардың немесе басқа біреулердің қолданып болған соң ластырып

кеткен пісектері жататын жағажаймен жалаң аяқ жүру қаншалықты қауіпсіз? Бәлкім, келесі сұрақ бұдан да маңыздырақ болса керек: мен өз үйімде тазалық сақтаймын ба?

Суллен Хой өзінің “Ластықпен күресу” деген кітабында былай деп сұраған: “Біз қазір де бұрынғыдай тазалық сақтаймыз ба?” Оның жауабы келесі болды: “Олай болмаса керек”. Оның ойынша, мұндай жағдайға әкеліп соқтырған басты себеп — өмір құндылықтарының өзгеруі.

Күннен-күнге адамдар үйлерінде аз уақыт өткізетін болып барады, сол себепті үйлерін біреуге ақы төлеп жинатқыза салады. Демек, олар енді өзіміз тазалық сақтауымыз керек деген ойдан аулақ. Бір кісі былай дейді: “Суға түскеннен кейін мен моншаны жумаймын, мен өзім жуынамын. Үйімнің іші ыбырсып жатса да, өзім тазамын” (*Chasing Dirt*).

Алайда тазалық деген сыртқы тазалықтан анағұрлым көп нәрсені білдіреді. Тазалық — салауатты өмір сүрумен байланысты этикалық түсінік. Сонымен қатар ол ой-сана мен жүрек күйіне, құлықтылық пен Құдайға деген ғибадатқа қатысты мәселе. Келіңдер, бұл жайында көбірек мәлімет алайық.

21.09.2022

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

Қатысуға тиісті: 132

Қатысқаны: 130

Қатыспағаны: 2

Қаралатын мәселелер:

1. Қыздар ұйымының жетекшісін бекіту.
2. Қыз балаларды қоғамдық жұмыстарға тарту.
3. Тазалық сақтау ережелері.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов «Қыздар ұйымының» жетекшісі ретінде Г.Қайырбекованы, хатшылыққа Ж.Омарованы ұсынды. Барлық жиналысқа қатысушылар бір ауыздан қолдады. Қыздар ұйымының жұмыс жоспарымен таныстырылды.
2. Мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Сапаржанова «Қыз балаларды қоғамдық жұмыстарға тарту» тақырыбында лекция оқыды. Қыз балаларды қол өнер үйірмелеріне, тағы басқа үйірмелерге тартып, қыздар бос уақытында пайдалы істермен айналысу керек екені айтылды.
3. Үшінші мәселе бойынша «Тазалық сақтау ережелері» тақырыбында мектеп медбикесі қыз балаларға тазалық сақтау жолдарын айтып өтті. Сыныпты таза ұстау үшін, үзіліс кезінде есік-терезені ашып, желдетіп алу керектігі айтылды. Таңертең сабаққа келген уақытта әр оқушы өз партасының шаңын сүртіп отыру керектігі айтылды. Сонымен қатар жеке бас гигиенасы да айтылды. Әр оқушының жеке сүлгісі, және тіс жуатын щеткасы, шаш тарайтын жеке тарағы болу керектігі айтылды. Жексенбі күні моншаға түсіп, тырнақтарын алып, шашты сіркелетпей таза ұстау керек екендігі айтылды.

Қаулы етті:

1. «Қыздар ұйымы» жетекшісі Қайырбекова Гүлнұр, Омарова Жанна хатшысы болып бекітілді.
2. Қыз балаларды қоғамдық жұмыстарға, үйірмелерге тарту.
3. Жеке бас гигиенасына мұхият болу.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Г.Қайырбекова

Ж.Омарова

№39 «Қызылөзек» ортамектебі

Қыздарға әсемдік жарасады

Мектеп аруы-2022

Бекітемін:



Өтілетін уақыты: 11.10.2022

«Қыздарға әсемдік жарасады» Мектеп аруы – 2022

Мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

I жүргізуші Айғаным: Қайырлы күн! Құрметті ұстаздар мен ата-аналар!

II жүргізуші Айтбай: Армысыздар қадірлі қонақтар, оқушылар!

I жүргізуші Айғаным: Қымбатты аяулы арулар ең алдымен жүректерді жылылық пен мейірімділікке, нәзіктік пен сұлулыққа бөлейтін, 11-ші қазан ару қыздар мерекесі құтты болсын!

II жүргізуші Айтбай: Бүгін мектебімізде үлкен мереке, баршамыз асыға күткен ең ақылды, ең сұлу, өнерлі де, инабатты ару қыздарымыздың байқауы. «Мектеп аруы - 2022» байқауына қош келдіңіздер»

I жүргізуші Айғаным: Ал олай болса сахна төріне «Мектеп аруы - 2022» байқауының қатысушы аруларын ортаға шақырайық. Қарсы алыңыздар! (Қатысушылар ортаға шығады.)

II жүргізуші Айтбай:

Бүгінгі байқауды ұйымдастырушы, «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Қайырбекова Гүлнұр Нұрахметқызын байқауды ашу үшін ортаға шақырамыз!

I жүргізуші Айғаным: Қыздарымызды реттік нөмір алуға шақырамыз.

II жүргізуші Айтбай:

Ендеше, байқауымыздың кезекті шарттарымен таныс болыңыздар:

1 - кезең «Сәлем-сөздің атасы» - таныстыру. Бұл кезеңде аруларымыз өздерін таныстырып өтеді.

I жүргізуші Айғаным: 2 – кезең . «Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінен» жатқа өлең оқу

II жүргізуші Айтбай:

3 – кезең «Тіл өнері» Мақал-мәтелдердің жалғасын табу

I жүргізуші Айғаным: 4 – кезең «Кім жылдам?» Әр қатысушы өзінің шеберлігін, икемділігін көрсетеді. Алдарына берілген жіптен білезік жасайды

II жүргізуші Айтбай: 5 – кезең «Ас – адамның арқауы» салат түрлерін дайындау. Сайысымыз 5 бөлімнен тұрады.

I жүргізуші Айғаным: Сайысқа қатысушы қыздарымызды қолдауға келіп отырған сыныптастары да өз өнерлерін көрсетеді.

II жүргізуші Айтбай: Бүгінгі байқауымыздың демеушісі, мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Қоқыбасов Сержан Бозымбайұлына алғысымызды білдіреміз.

I жүргізуші Айғаным: Бүгінгі байқауды бағалайтын көрермендер және сарапшыларымыз. Сарапшылармен таныс болыңыздар!

1. Мектеп психологы Абилова Айнұр
2. Технология пәні мұғалімі Тұяқбаева Ләззат
3. Мектеп қыздарының жетекшісі Кайырбекова Гульнур

II жүргізуші Айтбай:

Байқаудың талаптары:

1. Өзін - өзі ұстауы;
2. Сөйлеу мәдениеті;
3. Жүріс – тұрысы;
4. Киімнің үйлесімділігі, эстетикалық талапқа сай болуы;
5. Білім деңгейіне қарай бағалайтын боласыздар.

I жүргізуші Айғаным:

Баурап алар бір ақ ауыз сәлемі

Қазақ қызы - әдепті де әдемі

Қазақ қызы – ақылына көркі сай

Тұнып тұрған сұлулықтың әлемі – дей келе байқауымыздың бірінші бөлімі «Сәлемдесу» бойынша аруларымызды өзін - өзі таныстыруына рұқсат етейік. Қарсы алыңыздар.

II жүргізуші Айтбай: «Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінен» жатқа өлең оқу
Өнері өрге жүзер өнерлінің
Таланты талмай ұшар қанаттының
Әлди әуен әлемі өнер атты
Шарпып өтсін лебімен қанаттының – деп сайыскерлеріміздің өлең-
шумақтарын тамашалауға шақырамыз.

I жүргізуші Айғаным: Ақылдылық қыздарға жарасады,
Көзі ашықпен бәріде санасады.
Келесі мақал-мәтел жалғастыру сайысында
Сыналар білімі мен парасаты – дей отырып, келесі кезекте мақал-мәтелдердің
жалғасын табуға берейік.
Қыздарымыз қазылар алқасының алдынан мақал-мәтелдерді алады.
Бірінші оныншы сыныптың аруларын ортаға шақырамыз.

II жүргізуші Айтбай: Екінші тоғызыншы сыныптың аруларын ортаға
шақырамыз.

I жүргізуші Айғаным: Үшінші сегізінші сыныптың аруларын ортаға
шақырамыз.

II жүргізуші Айтбай: Өнер - білім тапқырлықтың тарланы,
Еңбектегі әріптестер мақтаны.
Өнеріңді ортаға сал, сайысқа
Өнер көрсет, құрбылармен жарыста дей отырып келесі кезенді
қыздарымыздың қол өнерін яғни осы жерде жіптерден білезік құрастыруы

I жүргізуші Айғаным:
Арусыңдар таудай биік талабың,
Қызысыңдар еркін өскен даланың
Ал, канекей мүдірмеңдер бұл сында
Ас әзірлеу, қыздар үшін қиын шаруа болып па?
«Ас – адамның арқауы» сайысында салат әзірлеу және жасалу жолын айтып
түсіндіру.

II жүргізуші Айтбай: Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар әділ
қазыларымыз байқауға қатысқан қыздарымыздың балын есептегенше,
сайысқа қатысушы қыздарымызды қолдауға келіп отырған сыныптастары да
өз өнерлерін көрсетеді.

I жүргізуші Айғаным:

Барына риза болсын көрермендер,
Көрсетті өнерлерін жас өрендер.
Осымен сайысымыз аяқталсын,
Қазылар берсін енді шын бағасын.

II жүргізуші Айтбай:

Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.
Өнерлі, білімділер жарысында,
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

Олай болса, бүгінгі байқауымыздың сарапшыларын сахна төріне шақырамыз!
Сөз кезегін мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Қоқыбасов Сержан
Бозымбайұлына.

I жүргізуші Айғаным:

Міне, біздің елден алар бағамыз,
Көңіл кілтін адамдықпен табамыз.
Ән - мереке жолықтырсын аман - сау,
Мектеп аруы шымылдығын жабамыз!
Келесі кездескенше сау - саламатта болыңыздар!

II жүргізуші Айтбай:

Қыздар, бүгін сендер өз білімдеріңді ортаға салып тамаша өнер
көрсеттіңдер. Сайысқа қатысқан қыздарымызға және көрермендерімізге
үлкен алғысымызды айтамыз. Осындай іс - шараларға белсене араласып, ат
салысып қатысқандарыңызға көп - көп рахмет, келесі кездескенше ел аман,
жұрт тыныш болсын!

«Инабатты ару»
«Өнерлі ару»
«Сымбатты ару»
«Ақылды ару»
«Білімді ару»
«Тапқыр ару»

1. Астың дәмін келтірер түз емес пе, елмен жерді қосатын қыз емес пе.
2. Қызы жақсыны қыдыр қорыйды, қызы жаманды сайтан торыйды.
3. Өке тұрып ұл сөйлегеннен, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без.
4. Қыз ұстай алмаған күң етеді, ұл ұстай алмаған құл етеді.
5. Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ілінер.
6. Қызсыз үйдің жүгі жиылмас, ұлсыз үйдің малы қайырылмас.
7. Қас жүйрікте сын болмас, қас сұлуда мін болмас.
8. Қызым жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол.
9. Қыз мінезді, ұл өнерлі болсын.
10. Қызың жақсы болса үйіне ырыс кірер, жаман болса ұрыс кірер.
11. Қызыңды мақтасын десең алысқа жібер.
12. Қыздың көзі қызылда.
13. Бір қыз тұрмысқа шықса,мың қыз түс көреді.
14. Қызы бардың назы бар.
15. Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман.
16. Жақсы қыз - жағаңдағы құндыз.
17. Қыз ауырма, тұз ауырма.
18. Қыз баласы әкесіне жұлдыз, шешесіне құндыз.
19. Қызды ауылдың иті жатпас.
20. Қыздың жолы жіңішке.
21. Қызымның құлағына алтын сырға.
22. Шешесін көріп қызын ал.
23. Қойшының қызы қой келгенде таранады.
24. Малды тісіне қарап таңда, қызды ісіне қарап таңда.
25. Ел мақтаған жігітті қыз жақтайды.

«Инабат» қыздар ұйымының

Хаттама №2

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Кайырбекова Гульнурдың ұйымдастыруымен, 11 Қазан Халықаралық қыздар күніне орай «Қыздарға әсемдік жарасады» Мектеп аруы – 2022 сайыс түрінде өтті. Сайысқа 9-11 сынып қыздары қатысты.

Мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

Сайыс 5 – кезеңнен тұрды

1 - кезең «Сәлем-сөздің атасы» - таныстыру. Бұл кезеңде аруларымыз өздерін таныстырып өтеді.

2 – кезең . «Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінен» жатқа өлең оқу

3 – кезең «Тіл өнері» Мақал-мәтелдердің жалғасын табу

4 – кезең «Кім жылдам?» Әр қатысушы өзінің шеберлігін, икемділігін көрсетеді. Алдарына берілген жіптен білезік жасайды

5 – кезең «Ас – адамның арқауы» салат түрлерін дайындау. Сайысымыз 5 бөлімнен тұрады. Сайыстың қорытындысы бойынша

«Бас жүлде» 8 Б сынып оқушысы Қайрат Жансая

I орын 8 А сынып оқушысы Мырзабекова Ақбота

II орын 9 Б сынып оқушысы Әбілқайыр Жаннұр

II орын 10 Б сынып оқушысы Омар Зарина

III орын 10 А сынып оқушысы Тұрғанбаева Сара

III орын 9 А сынып оқушысы Тілегенова Гүлдана



№39 «Қызылөзек» ортамектебі

**ҚЫЗЫМ үйде,
ҚЫЛЫҒЫ ТҮЗДЕ**

Қыздым үйде, қылығы түзде

Осы күнгі «этика» дегенімізді бұрынғы қазақтар «әдеп» деп түсінген. Анығырақ айтқанда, этиканың – адамгершіліктің сағасы, төркіні – әдеп. Бұрынғылар бұны ең алдымен қыздың тәрбиесінен бастаған. Өйткені, бүгінгі бармақтай бала ертең бойжетеді, бүсікүні ана болады. Адамзатты осы анадан деп түсінген қазақ әдепті ана арқылы қыздан бастаған. Қазақ ұлдың он неше жасын – «қозы жасы» деп шаруашылыққа – еңбекке баули бастаса, қыздың сол шағын – «қонақ жасы» дескен. Жат жұртқа жаратылған баланың оңжақта енді бірнеше жыл ғана болатыны алдымен анаға аян. Осы бір қарбалас кезде қайран ананың жүгі қапталынан ғой. Бұл үшін ең алдымен қызын әдепке қалыптастырса, қалғаны жеңіл. Бұрынғы аналар «қызым әдепті болсын» деп мыналарды істеді.

1. Бала алдында әкені Алатудай ете білді. Оның атын атамады. Айтқанын орындады. Сонан соң қызбала бұл ғаламда әкемнен артық адам жоқ деуді бара-бара мойындады. Бұл опасыз пәниде, бірде жыртқы, бірде бүтін тіршілікте жоқшылық пен барлығы құрғырдың есіртетіні де кейітетіні де жиі кезігеді емес пе, осындайда қызын әдептілікке апарғысы келген ақылды әке сыр, мінез білдірмейді.
2. Қыз балиғатқа толысымен оның айналасы жауға толады. Біреу «үкілеуге» ұмтылады. Біреу «кетік алма» етіп кеткісі келеді... Осындайда бұрынғы аналардың екі көзі төрт, ұйқысы аз. Ол есік алдындағы ит үрсе де, біреу келе жатса да, үйіне қонақ қонса да, қызы көзінен таса болса да секем алады. Себебі, көгеніндегі маркасы маркайды. Мұндайда ана сорлы мінезіндегі өзгерісті, денесіндегі байқала бастайтын белгілерді сәт сайын абайлаған.
3. Қызы әжетке жарасымен ол кездегі ақылды аналар бұрынғыдай бөлек жатқызуды, албаты қыдыртуды шектеп не өзінің, не әжесінің іргесіне жатқызады. Далаға жіберсе, бейбастақ бала, төрге жатқызса, ынсапсыз қонақ, жеңгеге ілестірсе, «қызды жеңге, жеңгені теңге бұзады» деп өзінен өзгеге мүлдем сенбеген.
4. Қызының ойын, уақытын бөлуге мұрша бермеу үшін қозы қосақтатқызған, үйдің күйбеңінен бас алғызбаған. Еңбекке машықтандырып, тіл алғызуга қалыптастыру да қазақта әдепке апаратын бір жол болған.
5. Ана қызының табиғатындағы талантты алдымен аңғарады, егер ол іскерлікке, балбармақтыққа, өнерге бейім болса, баласына осы жөнінде мүмкіндік жасайды. Бұл да – әдептілікке, желдеп кетпеуге қарсы тұратын екінші жол.
6. «Қызым жақсы болсын десен, қызы жақсымен көрші бол» дегенді ежелден білетін ана бәрінен бұрын қызын кейбір «көгенде қашып кететіндердің» маңына жолатпайды. Бұл үшін ана маңындағы қызы құралпыларды жете білуді, тегін тексеруді, олардың әдепсіздігін қызының құлағына жиіркенге жиі-жиі айтуды ескерген.
7. Ертедегі қазақта бастаңғы, қызойнақ, қойкүзеті, тоқымқағу, алтыбақан, ақсүйек деген сықылды жастардың бас қосатын кездері жиі болған. Бұған мүшелінен асқан – бойжете бастаған қыздар баруға хақылы. Мұндайда ақылды аналар қызын сенімді адамға қосқан, ерте қайтуды тапсырған. Келген соң кәдімгідей жүрген-тұрғанын тексеріп отырған. Қазіргідей туған күнді, мектеп бітіргенді, әскерге шығарып салуды, бір жақтан келгенді қарсы алуды, күнді-түнге, түнді-күнге ұластырып тойлатуға тізгін - шылбырсыз жіберу ол кездегі аналарда кемде-кем болған.
8. Сұмдыққа ұрынған, қолды болған қызын ертедегі аналар келісімен не түрінен, не құбылысынан, не уақытынан, не бірге болған адамынан абайлауды, тексеруді ұмытпаған. Ананың бұл сәуегейлігінен жасқанатын қыз көп жағдайда сақтанған.
9. Қыз ел көзіне түсе бастасымен оған анасы көсемсіп сөйлемеді, кісіге тіке карамауды, ұяң болуды, өз жанынан ұзамауды, қыдырмауды, жұртқа сүйкімсіздерге жоламауды, ішті болуды, албаты күлмеуді, ата-ана мен аға-бауырдан басқаның жаны пәлендей ашымайтынын жалықпай айтқан.

10. Жеті атаға дейінгілердің бірін – ағасы, бірін – бауыры деп таныстырған. Мұнысы – қыз алысуға болмайдыны түсіндіргені.
11. «Әкенің ең жақсысы жездедей-ақ» дегенді қазақ көп айтқанымен, сақ аналар қызына «жезде» деуден гөрі – «аға» деп сыйласатын шекара жасаған. Қызының ерте ме, кеш пе, әйтеуір кететініне іштей бейімделіп жүретін ақылды аналар өзі білетін өңірдегі күн шалған шаңырақты, көргенді ата-ананы, әдепті бала-шағаны біліп алып, оны қызына сөз сыралғысы ретінде дәріптеп, көргенсіздерді күні бұрын білдіртпей жамандап қызына өз сыңайын сөз арасында ептеп ескертіп отырған. Баласы осылардың қайсысына назар аударғанын астыртын қадағалаған.
12. Шешеден бұрын сөйлемеуге тәрбиелеген.
13. «Ит жүгіреді, иттің артынан қыз жүгіреді» деу – қыз кемеліне келгенде кезігеді. Бұл «қыздың мұраты – кету, жол мұраты – жетуден» шығады. Осыған байланысты бұрынғылар қызын сыртқа албаты шығарудан шектеген. Ара-тұра ғана аса аяулы адамды, сенімдіні аттандыруға үйде ешкім болмағанда ғана белдеуге, не мамағашқа дейін шығаруға өзі жұмсаған. Жұмсамаса, қыздың оны аттандыруға рұқсаты жоқ. Себебі – оны кез келген кісімен кезіктіру қазақы әдептің салтында жоқ.
14. Қызды көргенді ету үшін алдымен ана өзіне шек қойған. Қызы бойжетіп ел көзіне түсе бастасымен, ол бұрынғы қыдыруын, баласын оңаша тастауды қысқартады, азайтады, не өзімен ерте жүреді. «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болатынынан» сақтанады.
15. Қызына ауыл-үйдің бозбалаларын иектетпеу үшін ана бұрынғы алаңсыз ұйқыны азайтқан. Ол үйіне жатып сырттағы беймезгіл үрген итте де гәп барына алаңдаған, кімнің төңіректегенін де мөлшерлеп, өзінің ояу екенін аңғартқан. Мұндайда анаға ең сенімді серігі – енесі.
16. Үй ішінде қыздың тәртіпті болуда сөзін тыңдайтыны әке мен шеше, сескенетіні, сыйлайтыны – аға, сырласатыны – жеңге, ұялатыны – ауыл, ру. Бұлар – тұтасымен ойламай от басып алмауға қорған.
17. Шеше міндетті түрде өзі білетін өнерін – тіршілік, не ісмерлік, не кісі сыйлап қонақ күте білу, астың бабы, дастарқанның мәзірі сықылдылардың бәрін қызына үйретуга міндетті. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген осыдан шыққан. Анасы аяулы, әкесі ардақты бала әдепсіздікке бара қоймайды. Әке мен шеше бұл билікке бір жағынан баласының қамына бола ұмтылады. Бұл да қызды әдептілікке қалыптастырудағы бір жол, өнегелі орта.

Жоғарыдағыдай қазақы тәлім-тәрбие ертедегі қыздарды оқытып ғұлама етпесе де, адамгершілікке, опалылыққа, махаббат ғаламында баяндылыққа, шынайы ғашықтыққа, арлылыққа апарған. Опасыздыққа, махаббаттың желдеген лағы болмауға баулыған. Тарихтағы Шұғаның сүйіспеншіліктің өртіне өртеніп өлуі, «Қорғансыздың күніндегі» қаршадай қыздың жауыздыққа душар болған шіркеулі бетімен пәк жерді басқысы келмей үсіп өлуі ертедегі ата-ананың баласын адалдыққа, кіршіксіздікке тәрбиелей алғанына, әдепке әу бастан үйреткеніне мысал.

Ол кезде де қазақ қыздары көргенсіздіктен, қайыру бермей кетуден құлан таза деу артықтау. Бірақ дәл қазіргідей әйел алуды көрпе ауыстырғандай көру, көпшіліктің көзінше қыздың жігітке жабысып тұруы, көпе-көрнеу сүйісуі, бүгін тиіп, ертең ажырасу, келген келін мен қайынсіңілі арасындағы келіспеу ол кезде жоқ еді. Кейбірі бар болса да тым сирек болатын.

**«Инабат» қыздар ұйымының
Хаттама №3**

Қатысқан қыздар саны: 50

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Қызым үйде, қылығы түзде» Г.Кайырбекова
2. Қыздар кеңесінің айлық мәліметі
3. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібінде қойылған бірінші мәселе, мектеп қыздар ұйымының жетекшісі Кайырбекова Гульнур «Қызым үйде, қылығы түзде» тақырыбында баяндама оқып, видеоролик көрсетті. Мақсаты: Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді шығармашылық іс-әрекеттерге дайын, ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған, жоғары деңгейдегі мәдениетті және адамгершілігі мол, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінетін қыз бала қалыптастыру. Баяндаманы қыздар тыңдап, тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойды. Әр қыз бала өз пікірін ортаға салды.


Мектеп психологы А.Әбілова әлеуметтік желілердегі Likee, TikTok қосымшаларының зияндығы, оның артында ересек ер адамдардың отырғаны және де олардың жыныстық қатынасқа байланысты тапсырма беретіндігі жайлы айтылды. Мұндай оқиға өзіміздің мектеп оқушыларының арасында да орын алып жатырғандығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша қыздар төрайымы 10 сынып оқушысы Рысбай Айғаным қараша айының есебін оқыды. Оның есебінде ай бойы сабақты босатқан қыздар, тәртібі нашар қыздар, үлгерімі нашар қыздар туралы есеп берді.

Үшінші әр түрлі мәселелерде қыз баланың жеке бас гигиенасы, қыз бала тәрбиесі жайлы туралы айтылды.

Қаулы:

1. Бірінші мәселе бойынша Кайырбекова Гульнур «Қызым үйде, қылығы түзде» атты баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Екінші мәселе бойынша қыздар төрайымының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Үшінші мәселе бойынша қыз баланың жеке бас гигиенасы, қыз бала тәртібі мәдениет секторына жүктелсін.



№39 «Қызылөзек» ортамектебі

Ерте жүктіліктің алдын алу

2022 ЖЫЛ

Мұғалімдердің өзі өрімдей балаға мұны қалай жеткіземіз деп оқушыларға мұндайды оқытуға ұялады.

Сонда қыз баласы жыныстық тәрбиені қайдан оқып білуі керек? Міне осы жерде оған отбасында анасымен, жеңгесімен сырласу өте қажет. Мектепте осындай тақырыптарда сабақтар өткені жөн. Мұнын қыз баласына пайдасы көп. Сондай-ақ, біз баланы өте қатал тәрбиелейміз. Тәрбиелеу деген осы екен деп тым қаталдыққа салыну да бала жастан қызды жалтақтыққа алып келетінін ұмытамыз. Осыдан барып, қыз өз анасына ойындағысын айтуға жасқанады. Мысалы, алғашқы етеккір келгенін ол анасына емес, алдымен құрбысына, не жеңгесіне айтады. Сол үшін қызды кішкентайынан өзімізге әбден сендіріп, анадан артық жақын адам жоқ екенін ұғындырып өсіруіміз керек. Қыз – болашақ ана, бір әулеттің үлгілі келіні атанатындығын санасына сіңіріп, әйелге үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелетіндігін айтып отыру керек.

Бекітемін



Өтілетін күні: 07.12.2022

Оқушылар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу

Мақсаты : Жас жеткіншектің арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.

Форма: әңгіме.

Қатысқандар: 8-9-10-11 оқушылар, мектеп психологтары

Жиналыста дәріс оқығандар:

Ерте жүктілік деген не?

Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.

Ерте жүктілік немен қауіпті?

Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсемия болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану.

Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу.

Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек.

Ерте жүктіліктің нәтижесі.

Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы) жас ана тығырыққа тіреледі: білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жас анаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, жиі

кездесетін оқиға. Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеу етіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді. Оң жақта отырып, Алла Тағаланың берген қыздық қасиетін сақтай алмаған қыздардың өз тағдырына да жауапсыз қарағаны. Ондай қыздар келін деген, болашақ ана деген атқа лайықты деп айта алмаймын. Мұндай қыздарға бір әулеттің жауапкершілігін сеніп тапсыруға болмайды.

Мен ана ретінде ұлыма мұндай қызды алуға үзілді-кесілді тыйым саламын. Егер сондай жеңіл жүріске салынған, немесе жастайынан қандай да бір қателікке бой алдырған қыз босағамнан аттаған жағдайда ағайын-жұртымды абыр-сабырға түсірмей, алдыменол қызбен жеке сөйлесемін. Барлық жағдайды айтқызып, ант-су ішкізіп, содан кейін барып келін деген айдар тағуға рұқсат беремін. Әр ана өз ұрпағына осылай тиянақты қарағанда ғана мұндай әрекеттерге аз да болса тыйым салуға болады.

Баланы тәрбиелеу ананың басты міндеті. Ұл өсті дегеннен өзіне жар болатын жанның арының тазалығына мән беру керектігін ана айтып отыруы керек.

Бойжеткен

қыздың қылығы көп, сондықтан да қызбаланың тәрбиесіне ананың ерекше мән бергені

жөн. Қыз анасымен сырлас болып, өзін мазалаған ішкі ойларымен әрдайым бөлісіп

отырса, жамандыққа жолықпайды. Қыздың ең бірінші ұстанымы — қыз деген атқа

лайық болуы. Ал қазіргі ата-аналар заманына қарай жеңіл ойлайтын сияқты. Дегенмен, заман өзгергенімен, адам өзгерген жоқ қой. Қыз — болашақ жар, болашақ

ана. Өзге үйдің босағасын аттағанда бойыңды тік ұстап, тәрбиелеп өсірген ата-ананың елдің алдында жүзін төмен түсірмейтіндей етіп адал аттау үшін ананың әр сөзін қыз бала жадында ұстауы керек.

– Бүгінде біз жоғары ақпараттық технологиялар заманында өмір сүрудеміз деп мақтанамыз. Сондықтан, өсіп келе жатқан ұрпақты сауатсыз деп те айтуға болмайды. Өйткені, олар осы жаңа технологияларды еркін меңгеріп, түрлі ақпараттармен алмаса алады. Иә, заман өзгергенімен, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүріміз өзгерген жоқ. Адам өмірінде ешқандай қиындық болмайды деген кепілдік ешкімде жоқ. Ешкім де алдында қандай қиыншылық күтіп тұрғанын болжай алмайды. Әр адамның басында қуаныш пен қайғысы қатар жүретіні рас. Ол Алланың сыны деп айтуымызға болады. Алайда, осындай қиындықтардан шығудың да түрлі жолдары бар. Көбі сол қиындықтан алып шығатын жолды таппай қатыгездікке, қателікке бой алдырып жатады. Негізінде, қазіргі педагогика оқулығында жыныстық тәрбие туралы бөлім жоқ. Оны көбі ұят санайды.

«Инабат» қыздар ұйымының

Хаттама №4

Қатысқан қыздар саны: 70

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Ерте жүктіліктің алдын алу» Ж.Қаракөзіева мектеп медбикесі
2. Қыздар кеңесінің айлық мәліметі
3. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібінде қойылған бірінші мәселе, мектеп медбикесі Қаракөзіева Жанар «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында баяндама оқып, видеоролик көрсетті. Баяндаманы қыздар тыңдап, тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойды. Әр қыз бала өз пікірін ортаға салды.

Мектеп психологы А.Әбілова әлеуметтік желілердегі Likee, TikTok қосымшаларының зияндығы, оның артында ересек ер адамдардың отырғаны және де олардың жыныстық қатынасқа байланысты тапсырма беретіндігі жайлы айтылды. Мұндай оқиға өзіміздің мектеп оқушыларының арасында да орын алып жатырғандығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша қыздар төрайымы 10 сынып оқушысы Рысбай Айғаным желтоқсан айының есебін оқыды. Оның есебінде ай бойы сабақты босатқан қыздар, тәртібі нашар қыздар, үлгерімі нашар қыздар туралы есеп берді.

Үшінші әр түрлі мәселелерде мектептегі мектеп формасы, тазалығы туралы айтылды. Мектеп формасын шалбар киетін қыздарға ескерту берілді, қыздар тазалығын мәдениет секторы 10 сынып оқушысы Әбдікәрім Дана тексерсін.

Қаулы:

1. Бірінші мәселе бойынша Қаракөзіева Жанардың «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Екінші мәселе бойынша қыздар төрайымының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Үшінші мәселе бойынша мектептегі мектеп формасы қадағалауға алынсын, қыздар тазалығы мәдениет секторына жүктелсін.

